*Ф-ОБ-001/065*

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**Филология факультеті**
**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**

**№6 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы.** **24.02.2023 ж.**

**Қатысқандар:**
**комиссия төрайымы:**

1. Қазыханқызы Лазура – PhD, аға оқытушы;

**комиссия мүшелері:**

2. Д.Мутанова – PhD, аға оқытушы
3. П.Адиева – ф.ғ.к., доцент;
4. Ы. Нұрмағанбетова – аға оқытушы;
5. Ш.А.Каримова - аға оқытушы;
6. А.Байдаулетова – оқытушы;
7. С.Қонысова - оқытушы;
8. Д.Саржанова – докторант;
9. Ф.Маккамбаева –магистрант;
10. Ж.Жумабекова- студент
11. А.Сейтжанова – әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

**Шақырылғандар:**

12. Т.Жаздықбаева – Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының жетекші маманы
13. Л.Ибрагимова -Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы
14. А.Өзтүрк -Филология факултетінің деканы
15. Ж.Суинжанова -Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары

**Комиссия хатшысы:**

16. А.Қонысова –оқытушы

**Қатыспағандар:** -

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ҚР БҒМ бекіткен әкімшілік деректер нысандарын факультетте, кафедраларда толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын қамтамасыз етілуін қадағалау.
2. Факультетте, құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, PLATONUS, ESUVO, т.б. ) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмыс істеуін қадағалау.
3. ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайттында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуын қадағалау.
4. Ақпан айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

**Тыңдалды:**

**1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы** Қазыханқызы Лазура сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша талқылауды ұсынды. Яғни ҚР БҒМ бекіткен әкімшілік деректер нысандарын факультетте, кафедраларда толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын қамтамасыз етілуін қадағалауды ұсынды. Комиссия төрайымы әр кафедра мүшелеріне бекіткен әкімшілік деректер нысандарын толтыруды қамтамасыз етіліуін қадағалануын тапсырды. Өзара талқылай келе бір шешімге келді.

**Шешім:** ҚР БҒМ бекіткен әкімшілік деректер нысандарын факультетте, кафедраларда толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын қамтамасыз етілуі қадағалансын.

**2.** Факультетте, құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, PLATONUS, ESUVO, т.б. ) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмыс істеуін қадағалау. Жаһандық білім беру бағдарламаларын бірыңғай ақпараттық жүйе мен деректер базасы арқылы дамыту, бұл қашықтықтан оқыту технологиясының көмегімен әлемнің кез келген нүктесінен қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. ҚББ режимінде оқу сабақтарын өткізуді толассыз ұйымдастыру үшін университетте қажетті IT- инфрақұрылымын құрады: тұрақты желілік қосылыстардың, серверлік жабдықтардың, ДСЖ болуы, киберқауіпсіздік жүйесінің жұмыс істеуі қамтамасыз етілді.

Университетте жоғары білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісін автоматтандыруға арналған «ayu.edu.kz»автоматтық-ақпараттық жүйесі қолданылады.

«Ayu Portal» келесі үдерістерді автоматтандыруға мүмкіндік туғызды:

• Білім алушылардың пәндерге және оқытушыларға тіркелуі
• Оқу және жеке жоспарларды жасау
• Академиялық лектерді жасау
• Академиялық күнтізбелерді құру
• Білім алушыларды ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру
• Білім алушылардың оқу жетістіктерінің базасын қалыптастыру
• Оқу-әдістемелік материалдарды жүктеу
• Білім алушылардың, қызметкерлердің, оқытушылардың картотекасын жүргізу
• Түрлі есептерді нақты уақытта жасау

Қолданушылардың «Ayu Portal»ААЖ-не қолжетімділігі жүргізіледі:

• Корпоративтік желі
• WI-FI ашық желілері
• Студенттік үйлер желісі
• Интернет ғаламдық желісі

Университет пайдаланушылар арасында кең таралған және қашықтықтан оқытуды қолдайтын мультитілдік интерфейсі болатын оқыту процесін қолдауға бағытталған білім беру платформаларын және электронды ресурстарды қолдану іске асырылған. LMS түрлі форматтағы электронды оқу материалын орналастыруға, оқу материалына қолжетімділікті ұйымдастыруға және беруге, материалдарды меңгеру және тапсырмаларды орындау барысын бақылауды жүзеге асыруға, желілік байланыс құралдарымен оқу процесінің қатысушыларының өзара әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

**Шешім:** Факультетте, құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, PLATONUS, ESUVO, т.б.) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмыс істеуі қадағаланды.

**3.** Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Қазыханқызы Лазура ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайттында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылып тұрғандығын тексеріп бақылауда ұстауы тапсырылды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сайты әлемдік ақпараттық кеңістікте Университет атынан өкілдік ететін ресми сайт болып табылады. Сайтты бағдарламалық-техникалық және ақпараттық әкімшілігін IT департаменті мен университеттің Ақпарат орталығы УЕ-ХҚТУ-050-2020 Ахмет Ясауи университетінің ресми сайты бойынша ереже талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Әрбір білім алушы оқудың барлық кезеңі ішінде келесі ақпараттық білім беру ресурстарына жеке шектеусіз қолжетімділікпен қамтамасыз етілген:

- Университеттің ресми сайтына;
- Университет кітапханасы;
- Қашықтықтан оқыту жүйесіне

Оқу үдерісін ұйымдастыру туралы толық ақпарат оқу үдерісін басқару бойынша ақпараттық - талдау кешенінде ұсынылған және білім алушының жеке логині мен құпия сөзі бойынша университет сайтынан қолжетімді. Сайтта орналастырылатын материалдар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ресми ақпаратқа қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс: жалған ақпарат орналастыруға, нормаланбаған лексиканы пайдалануға, діни немесе ұлтаралық алауыздықты қоздыратын, зорлық-зомбылыққа және т.б. шақыратын ақпараты бар ресурстарды орналастыруға тыйым салынады. Мониторинг барысында Филология факультеті бойынша ақпараттың уақтылығы, өзектілігі, нақтылығы қанағаттанарлық деңгейді көрсетті. Әр кафедраның мәліметі толықтырылып, жаңартылғандығы мәлімделінді.

**Шешім:** ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайттында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуы қадағалансын.

**Мәжіліс төрайымы:** Қазыханқызы Л.

**Мәжіліс хатшысы:** Қонысова А.